**«Парасатты ұрпақ тәрбиесі – ортақ міндет» тақырыбында ата-аналармен пікір алмасу**

**Өткізілген күні:** «5» мамыр 2025 жыл
**Өткізілген орны:** «Ақ ниет» балабақшасы
**Жауапты:** балабақша меңгерушісі, әдіскер
**Қатысқандар:** балабақша педагогтері, ата-аналар
**Қатысушылар саны:** 26

**Күн тәртібі**

1. «Парасатты ұрпақ тәрбиесі – ортақ міндет» тақырыбында ата-аналармен пікір алмасу.
2. Баланың бойында адалдық, әділдік және жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру.

**Тыңдалды**

Кездесуді балабақша меңгерушісі Н.Джубаниязова ашып, **«Парасатты ұрпақ тәрбиесі – ортақ міндет»** тақырыбының маңыздылығына тоқталды.

Өз сөзінде бала тәрбиесі – ата-ана мен балабақша педагогтеріне ортақ жауапкершілік екендігін атап өтті. Баланың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, мейірімділік, үлкенді құрметтеу және кішіге қамқорлық көрсету сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Әдіскер Б.К.Нысанова бала тәрбиесінде педагог пен ата-ананың бірізді талап қоюы және өзара тығыз байланыста болуы қажеттігіне тоқталды. Баланың мінез-құлқы мен дүниетанымының қалыптасуына отбасыдағы қарым-қатынас пен ата-ананың жеке үлгісі үлкен әсер ететіні айтылды.

Сонымен қатар ата-аналарға баланы адал еңбек етуге, шындықты айтуға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға және басқа адамдардың құқықтары мен еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу жөнінде ұсыныстар берілді.

**Пікір алмасу**

Пікір алмасу барысында ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өз ойларымен, тәжірибелерімен және ұсыныстарымен бөлісті.

Ата-аналар баланың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруда отбасының тәрбиелік ықпалы ерекше екенін атап өтті. Сонымен қатар балабақша педагогтерімен тұрақты байланыс орнатудың және бала тәрбиесінде ортақ талаптарды ұстанудың маңыздылығы айтылды.

Қатысушылар балаларға адалдық пен парасаттылық құндылықтарын күнделікті өмірдегі қарапайым мысалдар арқылы түсіндіру тиімді екендігін атап өтті.

**Қорытынды**

Кездесу барысында ата-аналар мен педагогтер арасында бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер талқыланып, пікір алмасты.

Іс-шара соңында парасатты, адал және жауапты ұрпақ тәрбиелеу үшін отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы тұрақты түрде жүргізілуі қажет деген ортақ пікір қалыптасты.

**Қаулы**

1.Балалардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және парасаттылық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстарын жалғастыру.

2.Ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығын нығайту.

**Меңгеруші:** **Н.Джубаниязова**

**Хатшы:** **А.О.Сихова**